

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЗИЯ ҚҰСТАРЫНЫҢ МИГРАЦИЯСЫ НӘТИЖЕЛЕР, МӘСЕЛЕЛЕР МЕН БОЛАШАҒЫ

Шақпақ орнитологиялық станциясының 60 жылдығына арналған

ЕКІНШІ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер! Ұйымдастыру комитеті Шақпақ орнитологиялық станциясының 60 жылдығына арналған конференцияға тіркелгендеріңіз үшін алғыс білдіреді. Төменде қатысушыларға арналған өзекті ғылыми және ұйымдастырушылық ақпарат берілген.

БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН

01 Конференция бағдарламасы

Баяндамалардың реті мен уақыты көрсетілген толық бағдарлама қосымша жіберіледі.

09	ҚЫРКҮЙЕК	Қатысушылардың келуі, тіркелу, орналастыру, танысу
10	ҚЫРКҮЙЕК	Конференцияның ашылуы, пленарлық (20 мин) және секциялық (10 мин) отырыстар
11	ҚЫРКҮЙЕК	Көшпелі бағдарлама: қатысушылар таңдауы бойынша экскурсия (Ақсу-Жабағылы, Ақсу каньоны және Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы), конференцияның жабылуы
12	ҚЫРКҮЙЕК	Қатысушылардың қайтуы.

БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН

02 Материалдарды жариялау

Конференция материалдары бойынша ғылыми мақалалар «Зоология институтының еңбектері» жинағында жарияланады. Қолжазбаларды авторларға арналған ресми талаптарға сай дайындау қажет.

НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

- қолжазба; MS Word файлы (.doc / .docx);
- Times New Roman, 12 pt; жоларалық интервал 1,5; жиектері 2 см;
- ғылыми мақала – 3-10 бет;
- аннотация 300–500 сөз; 5-7 түйін сөз;
- аннотация мен түйін сөздер орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде;
- графиктер мен сызбалар – JPG, кемінде 600 dpi; фотосуреттер – JPG, кемінде 300 dpi.

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР



trudy.zool.kz

МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖІБЕРУ

E-mail: birdring@zool.kz

Хат тақырыбы: «Шақпақ-60 / Материалдар / Бірінші автордың Т.А.Ө.»

Материалдарды ұсынудың өзекті мерзімі: **26.08.2026 ж.**

ОНЛАЙН ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН

03 **Онлайн формат**

Қосылу сілтемесі, техникалық нұсқаулық және баяндама уақыты көрсетілген бағдарлама онлайн қатысушыларға қосымша жіберіледі. Интернетті, микрофонды, камераны және экран көрсетуді алдын ала тексеріңіз.

ОФЛАЙН ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН

04 **ОФЛАЙН ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ****01** **Трансфер****ҰШАҚ****ШЫМКЕНТ**

Шақпақ станциясына трансфер Шымкенттен ұйымдастырылады. Ұшып келу күні мен уақытын, рейс нөмірін және кері ұшу мәліметтерін көрсетіңіз. Жиналу уақыты мен орны топтар құрылғаннан кейін хабарланады.

ПОЙЫЗ**«БОРАНДЫ» СТАНЦИЯСЫ**

Шақпақ станциясына трансфер Боранды теміржол станциясынан ұйымдастырылады. Келу күні мен уақытын, пойыз нөмірін және кері қайту мәліметтерін көрсетіңіз. Жиналу уақыты мен орны топтар құрылғаннан кейін хабарланады.

Егер жеке көлігіңізбен келсеңіз, бізге алдын ала хабарлаңыз :)

Шақпақ асуының координаттары: 42.530331, 70.605162

02 **Лагерьде орналастыру****ДАЛАЛЫҚ ЛАГЕРЬ**

Қатысушылар Шақпақ орнитологиялық станциясының аумағында орналастырылады. Тұру жағдайы – далалық.

МІНДЕТТІ

Жеке ұйықтайтын қап алып келу.
ҰСЫНЫЛАДЫ
Шатыр және төсеніш алып келу

Өзіңізбен бірге алыңыз: жылы киім, жабық далалық аяқ киім, желден/жаңбырдан қорғайтын күртеше, бас киім, қолшам және жеке гигиена құралдары.

03 **Қонақүйде орналастыру****1. АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫНЫҢ ҚОНАҚҮЙІ (ЖАБАҒЫЛЫ АУЫЛЫ)**

Тұру құны – бір адамға тәулігіне 11 000 теңге (екі адамдық бөлмеде).
Таңғы ас бөлек – бір адамға 1 500 теңге.

Орын саны шектеулі. Брондау үшін алдын ала хабарласыңыз.

E-mail: birdring@zool.kz, тел.: +77717779292

2. ШАҚПАҚ БАБА ЖӘНЕ ШАҚПАҚ АТАДАҒЫ ҚОНАҚҮЙЛЕР

Тұру құны бір адамға тәулігіне 7 000-нан 11 000 теңгеге дейін. Ақсу-Жабағылы қорығының қонақүйінде бос орын болмаса, осы нұсқа ұсынылады.